

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы N 576 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 1

м а у с ы м д а ғ ы

N

5 7 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2 0 0 6 ж . , N 7 , 5 3 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы м е м о р а н д у м д а :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық" холдингі" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 5-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Қазына" АҚ-ның арасындағы өзара

қарым-қатынастар"

деген

6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 49, 518-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 5-1-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

4. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 192 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы N 970 қаулысында :

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Тобыл" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы м е м о р а н д у м д а :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Каспий" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы м е м о р а н д у м д а :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Батыс" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 мамырдағы N 392 қаулысында :

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы м е м о р а н д у м д а :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Ертіс" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы м е м о р а н д у м д а :

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Жетісу" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Оңтүстік" ӘКК" ҰК" АҚ арасындағы өзара қарым-қатынастар" деген 6-бөлімде:

бірінші абзац "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен толықтырылсын.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен.**

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мемлекеттік корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 363 қаулысында:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамын дамыту мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестің құрамында:

м ы н а :

"Есімов - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
Ахметжан Смағұлұлы министрі, төрағаның орынбасары"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Күрішбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
Ақылбек Қажығұлұлы министрі, төрағаның орынбасары";

2) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.11.2008 N 1048 Қаулысымен.**
Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.11.2008 N 1048 Қаулысымен.